

*15 ҚАРАША – ТЕҢГЕ КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ – ТЕҢГЕ КҮНІ. 1993 ЖЫЛДЫҢ 15 ҚАРАШАСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЫШАНЫ БОП ТАБЫЛАТЫН ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗ – ТЕҢГЕ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗІЛДІ. ОСЫЛАЙША ЕЛІМІЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІН НЫҒАЙТЫП, ДЕРБЕС ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕПЗІН ҚАЛАДЫ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН ТЕҢГЕНІ ТОЛЫҚТАЙ ӨЗ ӨНДІРІСІНДЕ БАСЫП ШЫҒАРАТЫН САНАУЛЫ ЕЛДЕРДІҢ ҚАТАРЫНДА. ЖАҢА ДИЗАЙНДАҒЫ БАНКНОТТАР МЕН МОНЕТАЛАР ЗАМАНАУИ СТАНДАРТТАРҒА САЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ.

ТЕҢГЕ АЙНАЛЫМҒА ЕНГЕН СӘТТЕН БАСТАП ЕЛДІҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСЫП, БАНК СЕКТОРЫ ДАМЫП, ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТЫЛА БАСТАДЫ. ХАЛЫҚ ЕҢБЕГІНІҢ БАҒАСЫ МЕН ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚУАТЫН АЙҚЫНДАЙТЫН ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕНІМДІ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ.

ӘЛ ОСЫ КҮНІ ҚАРЖЫ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ ТӨЛ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТЕДІ. ОЛАР ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ДАМУЫНА ЗОР ҮАЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ.

ЕНДЕШЕ, БАРШАМЫЗҒА ТЕҢГЕ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

(Арнайы материал 3-бетте)

*Статистика

ОРТАША ЖАЛАҚЫ – 284160 ТЕҢГЕ

(2025 жылғы қаңтар-қыркүйектегі Индер ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары)



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

ДЕМОГРАФИЯ

Аудандағы халық саны 2025 жылғы 1 қазанға (ағымдағы деректер бойынша) 32 450 адамды құрады.

ЕҢБЕК РЫНОҒЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2025 жылдың II тоқсанында қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 284160 теңгені құрады. Осылайша 2024 жылғы тиісті тоқсанға атаулы жалақы индексі – 104,7 %, ал нақты жалақы индексі 107,5 % болып отыр.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі – 23 996,0 млн. теңге. 2024 жылдың қаңтар-қыркүйегіне қарағанда индексі 223,9 % құрады.

САУДА

Бөлшек сауда көлемі 5011,2 млн. теңгені құрады, бұл 2024 жылғы тиісті кезең деңгейімен салыстырғанда 4,1 % өскенін аңғартады.

ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаларда 6672 млн. теңгені құрады, бұл – 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда 35,3 % артық көрсеткіш.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілген қызметтерінің) жалпы өнімінің көлемі 9819,9 млн. теңгені құрап, 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 1,9 %-ға артып отыр.

2025 жылғы 1 қарашаға ауданда барлық шаруашылық санаттары бойынша мүйізді ірі қара саны –28873, қой мен ешкі – 93161, жылқы – 20137, түйе 5058 басты құрады. Аудан бойынша тірілей салмақпен 4460,0 тонна

ет, 1870, 3616 тонна сүт, 252,2 мың дана жұмыртқа өндірілді.

2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 13894 шаршы метр, нақты көлем индексі 13,1 % төмен.

Тіркелген заңды тұлғалар саны 2025 жылғы 1 қазанға 237 бірлікті, осы кезең ішінде жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың саны 209 бірлікті құрады.

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерлікте (ШОК) жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 2161 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 1,8 % кеміп отыр.

ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі – 73,4 %, шағын және орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 6 %, шаруа немесе фермер қожалықтары 20,6 % құрады.

М.ӘЖІҒАЛИЕВА,
аудандық статистика бөлімінің басшысы

*Бәрекекті!

«ДЕНДЕРГЕ» ТЕГІН ЖАЗДЫРДЫ

Былырдан бастап аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде қолға алынған «Индер ауданы ардагерлерінің бос уақытын тиімді пайдалану» жобасы аясында аудан ардагерлерінің өмірлік тәжірибесі мен тағылымды өнегесін насихаттап, олардың қоғам өміріне белсене араласуына,

салауатты өмір салтын ұстанып, рухани және мәдени тұрғыдан толысып, жастарға үлгі болуына бағытталған жұмыстар атқарылып келеді.

Осы жобаның аясында аудан зейнеткерлерінің мерзімді баспасөзге жазу да жоспарланған болатын. Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Анаргүл Досубалиеваның айтуынша, зейнеткер-

лер мен еңбек ардагерлерін осы жобаны жүзеге асырушы «Жанындамын» қоры аудандық «Дендер» газетінің 100 данасын алдағы бір жылға тегін жаздырыпты.

Сөз жоқ, бұл оқырмандар үшін үлкен қолдау болып отыр.

С.ЕРСАЙЫНҰЛЫ

Баспасөз-2026

ТӨЛ ГАЗЕТІҢІЗ ТӨРІҢІЗДЕН ТАБЫЛСЫН!

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!

2026 жылға аудан айнасы «Дендер» газетіне жазылу жүріп жатыр.

"Қазпошта" АҚ арқылы

6
ай

Мекемеге

3733,60 т

Жеке адамға

2369,00 т

12
ай

Мекемеге

7467,20 т

Жеке адамға

4738,00 т

Индекс: 65578

*Мерей

ТУҒАН ЖЕР ТҮЛЕКТЕРІ



"ЖЕР ТОПЫРАҒЫМЕН, ЕЛ АЗАМАТЫМЕН КӨРІКТІ" ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. ДЕНДЕР ЖЕРІ НЕБІР ӨНЕР МАЙТАЛМАНДАРЫНА КЕНДЕ БОЛМАҒАН. БҮГІНДЕ ОЛАР ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ ӘР САЛАДА ӨНІКТІ ЕҢБЕК ЕТУДЕ.

Таяуда Президент Жарлығымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Берғалиев «Құрмет» орденімен, «Шабыт» жастар сыйлығының лауреаты, ақын, жерлесіміз Әлия Дәулетбаева «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бұл марапат сан жылдар бойы халық өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан еңбектері үшін берілді. «Баласы бәйгеге шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады» дегендей, туған жері үшін алаңдап жүретін жерлеріміздің әрқаз абыройлы болуына тілектеспіз.

Ж.НАРИМАНОВА

*Қоршаған орта

КӨК ШЫРША КӨРІК БЕРМЕК



АУДАНЫМЫЗДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚЫЛҚАНЖАПЫРАҚТЫ МӘНПІ ЖАСЫЛ АҒАШТАР КӨПТЕП ЕГІЛІП, ОРТАЛЫҚ КӨШЕЛЕР МЕН САЯБАҚТАРДЫҢ СӘНІНЕ АЙНАЛДЫ. АЛ КЕШЕПІ ЖЕКСЕНБІ КҮНІ ИНДЕРБОР КЕНТІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЛАҒЫНА 5 ТҮП КӨК ШЫРША АҒАШЫ ЕГІЛДІ. АУДАНЫМЫЗДА МҮҢДАЙ ШЫРШАНЫҢ ТҮРІ ТҰҢҒЫШ РЕТ ЕГІЛІП ОТЫР ЕКЕН.

Бұл көк шырша кез келген аймақтың сәнін ашатын әсемдігімен ерекше. Әдетте қалаларда сәндік өсімдік ретінде қолданылады. Жел мен құрғақшылыққа және қатты аязға төзімділігімен де белгілі. Әрі түрлі микроб пен вирусты жоятын қасиеті бар, денсаулыққа пайдалы көрінеді.

– Мемлекет басшысы тапсырмасына сай көгалдандыру жұмыстары ауданымызда тұрақты жалғасын табууда. Бұл шырша кент басындағы саябақтарды күтумен айналысатын «ДелТехСтрой» ЖШС демеушілігімен егіліп отыр. Аталмыш серіктестік биыл кенттегі Махамбет көшесіне 200 түп тал еккен болатын, – дейді Индербор кенті әкімінің орынбасары Қайыржан Нұриев.

Айта кетейік, «ИСИ ГИПС Индер» ЖШС қызметкерлері де «Көктем» мәлтек ауданында орналасқан саябаққа өз қаражаттары есебінен 330 (тополь, үйеңкі) көшет отырғызды.

С.БАЗАРБАЕВ

*Браконьер

ҚАЙЫҚ ҚОҚЫСҚА АЙНАЛДЫ



ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНДЕГІ БАЛЫҚҚА АУ ҚҰРЫП, ТОНАУ ТЫЙЫЛАМАЙ ТҮР. ОНСЫЗ ДА КӨЗІ ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН СУ МАРЖАНЫНА БҰЛАЙ ТАҒЫЛЫҚ ЖАСАУ ЗАҢСЫЗ, ӨРІНЕ.

Индер балық инспекциясы бөлімі 9 айдың ішінде Жайық өзеніне заңсыз балық аулауға арналып салынған 51 дана иесіз ау және қолдан жасалған суда жүзу құралдарын анықтады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 383 бабының 3 бөлігі (иесіз) және осы кодекстің 62-бабы бойынша олардың көзін жою жұмыстары жүргізіліп, арнайы қоқыс алаңына тасталды.

С.РЫСМАҒАМБЕТОВ,
Индер балық инспекциясы бөлімінің басшысы



www.facebook.com/dender gazetі



E-mail: dender_gz10@mail.ru




dender_life

■ БІЛГЕН ЖӨНІ!

КҮЛ - ҚАУІПТІ ДЕРТ

ЕЛІМІЗДЕ ДИФТЕРИЯ БОЙЫНША ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ СОҢҒЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛДА ТҰРАҚТЫ, 2009 ЖЫЛДАН БАСТАП ТІРКЕЛМЕГЕН. АЛАЙДА ТАЯУДА МАНҒЫСТАУ ОБАЛЫСЫ МЕН АСТАНА КАЛАСЫНДА ДИФТЕРИЯҒА КҮДІКТІ 2 ЖАҒДАЙ ТІРКЕЛДІ.



Бір жағдайда наукас вакцинациядан бас тартуына байланысты орын алған. Ұлттық вакцинация күнтізбесі шеңберінде профилактикалық егулермен қамтудың төмендеуі, вакцинациядан бас тартатын адамдар санының өсуі ішінара егілген адамдар арасында инфекцияның таралу қаупін арттырады. Күл (дифтерия) – ауа-тамшы жолы арқылы берілетін инфекциялық ауру. Инфекциямен кез келген жастағы адамдар

сырқаттанады. Ең үлкен қауіп – өлімге әкелуі. Қазіргі таңда сырқаттанушылық жиі тіркелмегенімен, түбегейлі тіркелмейді деп айта алмаймыз. Жыл сайын әлемде күл ауруы тіркелуде. Алдын ала егу жұмыстарының нәтижесінде сырқаттанушылықтың азайғаны, эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты болуы байқалады. Алайда қазіргі таңда күл ауруына қарсы екпеден бас тартқандардың көбейгендігі аурудың қайта

өршуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Инфекция қоздырғышы – бактериялар. Адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енген микробтар бадамша безінде тұрақтайды. Микробтар токсин бөліп шығарады. Сол у жүйке жүйесін, жүректі, тыныс алу жүйесін, құлақты және несеп жүйесін зақымдайды. Аурудың негізгі белгілері – лимфа түйіндерінің ұлғаюы, тамақ ауырсынуы, бадамша безінде ақ сұр түсті жабынылардың пайда болуы. Жабынды қатты таңдайға жайылғанда жұтыну қиындайды, мойын ісінеді. Егер микробтар және олардың уы көздің, мұрынның кілегей қабықтары және теріге әсер ететін болса, жаралы дифтерия пайда болады. Неврологиялық өзгерістерге жұмсақ таңдайдың салдануы, көз қымылануы, саусақтардың сезімталдығының жойылуы, аяқ-қолдың салдануы, науқастың қимыл-қозғалысының шектелуі, өздігінен жүріп-түру мүмкіндігінен айрылуы жатады. Күл ауруының ауыр асқынуларының бірі - криттың

пайда болуы. Яғни көмейдің беті қатты жабынды басуынан адамдарда тыныс жетіспеушілігі мен тұншығу пайда болып, өлімге ұшырауы мүмкін. Осы тұншығу барысында адамның өні көгеріп, бозарып күлдей болып кететіндіктен қазақи ұғымда бұл ауру күл деп аталған деген деректер бар. Тыныс алу жүйесінің төменгі бөліктерінде бронхтарда да круп пайда болып, тыныс алуды қиындатады. Күл ауыр өтетін және асқынулары қауіпті ауру болғанымен қазіргі таңда аурудың алдын алу жолдары қалыптасқан. Бұл – екпе егу. Қазақстан Республикасында мемлекет есепінен 2, 3, 4 ай, 12-18 ай және 6 жастағы балаларға, 16 жастан бастап әр 10 жыл сайын Ұлттық күнтізбеге сәйкес егу жүргізіледі. Күл ауруының негізгі және тиімді алдын алу жолы тек қана алдын ала егілу екендігін ескерте отырып, балаларыңыз бен өздеріңізді екпе алу арқылы аурудан сақтануға шақырамыз.

А.КОСЫМБАЕВА,
ауданның бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

■ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ГАЗҒА УЛАНБАУДЫҢ АМАЛЫ

АУА РАЙЫ СУЫТҚАН КЕЗДЕ ТЕК ӨРТ ЕМЕС, КЕЙ КЕЗДЕРІ АДАМНЫҢ ӨЛІМІНЕ ӘКЕЛІП СОҒАТЫН УЛЫ ГАЗДАН УЛАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ ӨСЕДІ.



Көп жағдайда улы газдан улану көмірмен немесе газбен жағылатын пештерді немесе қазандықтарды дұрыс пайдаланбаудан туындайды. Адамға дер кезінде көмек көрсету үшін мұндай уланудың негізгі белгілерінен хабардар болу қажет. Улы газ иіссіз болатындықтан, тыныс алу ауасының құрамында 0,08% көмірқышқыл газы араласқан кезде адамның басы ауырып, тұншығу белгілері сезіліп, ула-

нуы мүмкін. Көмірқышқыл газының концентрациясы 0,32% дейін жоғарылаған кезде сал ауруының белгілері байқалып, есінен тану жағдайлары болады (өлім 30 минуттан кейін келеді). Концентрация 1,2% асқанда 2-3 тыныс алудан кейін адам есінен танып, кемінде 3 минуттан кейін өлімге әкеледі. Мұндай жағдайда зардап шегушіге дәрігерге дейін көмектің дұрыс көрсетілуі өте маңызды. Ол үшін алы-

мен уланған адамды таза ауаға шығарып, аяғын сәл көтеріңкі күйде жатқызып, денесін тар киімнен босатып, мүсәтір спиртің иіскетіңіз. Егер адам есін біліп жатырса оған тыныштық және үзіліссіз оттегі қажет, мысалы газетпен желпуге немесе желдеткіш қосуға болады. Ал зардап шегуші дем алмай жатырса, алдымен тыныс алу жолдарын тазалап алып жасанды дем беру қажет. Және «Жедел жәрдем» қызметін шақырыңыз. Ондай

мүмкіндік болмаған жағдайда өмірлік маңызды функциялары қалыпқа келгеннен соң зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізуге тырысыңыз. Уланған адамды қауіпті газ концентрациясы бар жерден алып шығу кезінде өзіңіз бірге уланып қалмас үшін бірінші кезекте өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету қажеттігін есіңізден шығармаңыз. Ол үшін тез әрекет етіп, қол ормалы немесе дәке арқылы тыныс алу керек. Расында, қарапайым қауіпсіздік шараларын барлығы да біледі. Дегенмен, баршаға мәлім қағидаларды қайталауға тура келеді. Олар: * тек жарамды жабдықтарды қолданыңыз. Пешқалауларындағы жарықтар, тазаланбаған түтін тұрбасы сол сияқты «усак-түйектер» ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін; * пештер мен каминдерді қағидаларға сәйкес қолданыңыз. Желдету жүйесінің жұмысына жүйелі түрде тексеру жүргізіп, түтін тұрбаларын уақытылы тазалаңыз, пештер мен каминдерді қалауда тек кәсіпқой мамандарға жүгіңіз. Қорыта айтқанда, аталған қағидаларды сақтау газбен уланудың құрбаны болуға жол бермейді.

А.ЖҮБАНЫШҚАЛИЕВ,
№5 ӨСБ бөлімше командирі

«Частная фирма «Дулат» ЖШС-і ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдауды өткізу туралы хабарлайды, келесі мекенжай бойынша: Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Қонаев көшесі 12а, «AMANAT» партиясы Индер аудандық филиалы ғимаратының конференц залы, 2025 жылдың 23 желтоқсанында, сағат 15:00-де, «Атырау облысы Индер ауданындағы «Жамантау» құм-қиыршықтас қоспасы көн орнын игеру үшін тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі». (ҚББ), (ӨӘБ), (РЕШН), (ҚОҚШЖ).

Географиялық бөлу координаттары: СЕ 46° 03' 10,0', ШБ 53° 31' 05,0»

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Индер ауданы ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWG0dTN1Q2VTZz09>.

Жеке конференцияның идентификаторы: 598 440 2741. Кіру коды: 677118

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.argstanova@atygau.gov.kz / Тел: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Частная фирма «Дулат» ЖШС. Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Қабиев көшесі, 7. БСН 971240005605.

Жобаны жасақтаушы: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Саркамыс-2 ш.а., 14 к-ше, 37 үй. БИН 190940023028, эл. адрес: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87017455732

Қосымша ақпаратты мына эл.мекенжай бойынша алуға болады: gulsim81@list.ru және 87017455732 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

ОО «Частная фирма "Дулат" в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, объявляет о проведении общественных слушания в форме открытого собрания по адресу Атырауская область, Индерский район, Индерборская п.а., п.Индерборский, улица Кунаева 12а, конференц зал здания Индерского районного филиала партии "AMANAT", 23 декабря 2025г. в 15:00ч. по проекту: «Раздел Охранный окружающей среды к "Плану горных работ для разработки месторождения песчано-гравийной смеси «Жамантау» в Индерском районе Атырауской области». ПУО, ПЭК, ППМ, НДВ».

Координаты геологического отвода: С.Ш. 46° 03' 10,0', ВД 53° 31' 05,0"

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Атырауская область, Индерский район

Ссылка для подключения на платформе Zoom: Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWG0dTN1Q2VTZz09>.

Идентификатор конференции: 598 440 2741. Код доступа: 677118

Проектная документация размещена на едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, а также на сайте управления природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», 060011, Атырауская область, г., Атырау, улица Әйтеке би, 77, e-mail: ga.argstanova@atygau.gov.kz / Тел.: 8(7122)32-55-09, БИН 050140002850.

Инициатором намеряемой деятельности: ООО «Частная фирма "Дулат". Индерский район, Индерборская п.а., п.Индерборский, улица Кабиева 7. БИН 971240005605. Проектная организация: ООО «GBR PROJECT». Атырауская область, г. Атырау, мкрн. Саркамыс-2, ул.14, дом 37. БИН 190940023028, эл. адрес: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87017455732

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу gulsim81@list.ru также по сот.: 87017455732

2025 жылдың IV тоқсанына арналған Индер аудандық мәслихатында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдаудың өтетін орны, байланыс телефоны	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты
Рамазанов Абзал Мемдікұлұлы	Индер аудандық мәслихатының төрағасы	Индер-бор кенті, Қонаев көшесі, 12 үй, 1 қатар. Тел:2-17-91	Әр айдың үшінші аптасының сәрсенбі күні, сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін
Қабиева Гүлшара Мақажанқызы	Индер аудандық мәслихат аппаратының басшысы	Индер-бор кенті, Қонаев көшесі, 12 үй, 1 қатар. Тел:2-17-91	Әр айдың үшінші аптасының бейсенбі күні, сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін

Ескерту: Қабылдауға алдын ала жазылу 2-17-91 телефоны арқылы жүзеге асырылады. Аудандық мәслихаттың орналасқан жері: Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Қонаев көшесі, 12 үй, 1 қатар.

Нотариус Бағитжанова Лаура Бағитжановна, 19.01.2017 жылғы №17000684 мемлекеттік лицензиясымен іс-әрекет етуші, хабарлайды, 2025 жылдың 08 қыркүйек айында қайтыс болған аз.АБДИГАЛИЕВ ГИЗАТУЛЛА, 15.06.1945 жылы Атырау облысында туған, ЖСН 450615300899, атына мұралық іс ашылды, мұра қабылдау үшін барлық мұрагерлерді, Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор поселкесі, Бейбарыс көшесі, 2Б, нотариусқа келулеріңіз сұралады, телефоны 87011737171.

Ракушеблок жеткізіп беруімен. Тел. 87012265016, 87760765016 (19-13) ***

Неміс есту аппараттары сатылады. Тел. 87011010591. Лицензия №KZ60UBC00000788-28.07.2014 ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы (24-22)

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Ойлап жүрсек бізге әлі ерте деп, Асыл дос кетті өмірден ерте-рек. Бірге жүрсек бұл өмірде арман не, Әлі талай сырымызды шертер ек. Бұрмасақ та уақыттың кемесін, Ұмыта алмаспыз өткен шақтың елесін. Тірі болса, бізбен бірге Мұхтар дос, Басар еді жетпіс жастың белесін. 18 қарашада бірген жүрген жолдасымыз **Исаев Мұхтар** тірі болса, 70 жасқа толар еді... Сағынышпен еске ала отырып, жаны жәннатта болсын, артындағы қалған жан жары Сырға мен ұрпағына шапағаты тисін дейміз.



Достары: **Фылымғали-Мәрия, Зоя, Самиғолла-Күләш, Маруся, Болатман-Дамира, Беркімбай-Тыныштық, Самархан-Нәсіп, Серік, Серік-Жұмазия, Қажииолла-Сәуле, Байжан-Марал, Мәлік-Елена**

Құлын-тайдай бірге ойнап, бірге өскен аяулы досымыз **Дүйсенғалиев Болат Құрманғалиұлы** көшегі күні ортамызда болса, 60 жасын тойлар едік деп сағынышпен еске аламыз. Жаның жәннатта, иманың жолдас болсын, аяулы дос.



Еске аламыз жарқылдаған жүзіңді, Еске аламыз көңілді бір кезіңді. Еске түсер қызық күндер бұрынғы, Кайтпайтының кім біліпті ол күнді.

Амал бар ма, құдіреті күшті Құдайға, Не істерін Алла бізден сұрай ма? Алланың жазғаны ғой, не қыламыз, Сағынып достар бүгін еске аламыз.

Еске алушы достары: **Куаныш-Алмагүл, Асқат-Елмира, Самат-Алма, Айбар-Балжан, Айгүл, Жангерей**

ІЗДЕУ САЛЫНАДЫ



8 747 865 46 54).

Үстіне киген киімдері: қара түсті берік, көк түсті спорттық күртеше, қара түсті спорттық аяқ киім.

Аудандық полиция бөлімі